

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігіне аккредитивтер ашу және олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1373 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджет комиссиясының:

1) Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігіне: 005 "Мемлекеттік дерекқор құру", 007 "Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін құру", 008 "Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру", 011 "Мемлекеттік қаржының біріктірілген ақпараттық жүйесін құру" бюджеттік бағдарламалар бойынша "Прайя" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жасасқан 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 108 және 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 106, "СофтИнженер" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жасасқан 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 104 және 2004 жылғы 31 тамыздағы N 70, "IT Research Center" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жасасқан 2004 жылғы 16 қарашадағы N 93 және 2004 жылғы 1 қарашадағы N 87, "Naytov Inc" жабық акционерлік қоғамымен жасасқан 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 110 және 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 105, "New Age Technologies" жабық акционерлік қоғамымен жасасқан 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 96, "Глотур" акционерлік қоғамымен жасасқан 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 114, "VAN Company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жасасқан 2004 жылғы 3 тамыздағы N 64, "Алси" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жасасқан 2004 жылғы 8 қарашадағы N 92, "Логиком" акционерлік қоғамымен жасасқан 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 107, "Тенгиз Копир Ақмола" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жасасқан 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 111, "Бұлақ-GROUP" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жасасқан 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 113, "Сименс" акционерлік қоғамымен жасасқан 2004 жылғы 2 қарашадағы N COM-FN4-BA12-KAZ-NII/88-1 шарттарға сәйкес аккредитивтерді ашу туралы;

2) аккредитивтердің қолданылу мерзімдерін осы қаулының 1) тармақшасында көрсетілген шарттар бойынша, оның ішінде:

N 64, 70, 87, 93, 96, 104, 108, 110, 111 шарттар бойынша 2005 жылғы 1 наурызға дейін;

N 92, 105, 106, 107, 113, 114, N COM-FN4-BA12-KAZ-NII/88-1 шарттар бойынша 2005 жылғы 15 наурызға дейін ұзарту туралы ұсынысымен келісілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

